



«Бекітемін»

Т. Рысқұлов ауданы  
әкімшісі орынбасары

Қ.Исмаил

2025 жыл

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай жастар арасында дәстүріміз бен салтымызды ардақтау мақсатында өткізілетін аудандық «Жігіт сұлтаны - 2025» атты аудандық сайыстың

## ЕРЕЖЕСІ

### I. Ұйымдастырушы

Сайыстың үйлестірушісі әрі ұйымдастырушысы: Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ, Аудандық мәдениет үйі ұйымдастырады.

### II. Мақсаты

«Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, аудан жастарының шығармашылық қабілетін дамыту, ұлттық қазына, рухани байлық, салт-дәстүрді сақтап, ұлттық намысын жігерлендіріп, жаңа биіктерге талпындыру;

Халқымыздың әдет-ғұрпын, ұлттық ойындарын сүйетін, білім мен даналықты бойына жиған ұландарымыздың өнерін елге танытып өнеге тұту.

### IV. Сайыс шарттары

*Сайыс 3 кезең бойынша өтеді.*

**Бірінші кезең: «Мен қазақтың баласы»**

*Өзін өзі таныстыру (Әр қатысушыға 3 минут беріледі).*

**Екінші кезең: «Білім сайысы»**

*Ұйымдастырушы тараптан дайындалған сұрақтарға жауап беру.*

**Үшінші кезең: «Сегіз қырлы – бір сырлы»**

*Үміткерлердің өз өнерін көрсетуі (Ән, өз шығармашылығы, аспапта ойнау, көрініс т.б.)*

**Төртінші кезең: «Спорттық сайыс»**

*«Қол күрес, арқан тартыс»*

**Сайысқа қатысушыларға қойылатын техникалық және көркемдік талаптар мен шарттар:**

- Сайысқа әр ауылдық округтен 16-22 жас аралығындағы азаматтар қатыса алады.
- Сайысқа қатысушылар редакторлық топ бекіткен талаптарды бұлжытпай орындау тиіс;
- Қатысушылар сахнаға ұлттық киім үлгісімен шығуы керек;

- Сайыс берілген регламенттен асу ұпай санына кері әсерін тигізеді;
- Қарсыластарына (*басқа қатысушыларға*) құрметпен қарау;
- Қатысушылар өтетін орынға жарты сағат бұрын келіп тіркелу қажет;
- Сайыс өтетін залға қатысушылар алдын ала ұйымдастырушыларға берілген тізім бойынша кіреді;
- Сайыс барысында қатысушылар сайыстың жүргізушісін мұқият тыңдаулары керек және сонында сайыс толық аяқталмайынша сахнаны тастап кетпеуі қажет;
- Сайыста төрелік жасайтын қазылар алқасына сыйластықпен қарау;
- Жоғарыда аталған талаптар орындалмаған жағдайда қатысушылар сайыстан шығарылады;
- Ұйымдастырушы тараптан жарысқа бір апта қалғанда дайындық уақыты белгіленеді, сайысқа қатысушы жетекшісімен келу міндетті;
- Қазылық құрамды ұйымдастырушы тарап бекітеді;

#### IV. Қорытынды

Байқау жеңімпаздарына жүлделі орындар мен бағалы сыйлықтар:

- *I орын* – «**Жігіт сұлтаны - 2025**» атағы;
- *II орын* жүлдесі;
- *III орын* жүлдесі.

#### V. Байқауының өтетін орны мен мерзімі

- Байқау 2025 жылдың 6 мамыр күні сағ 11:00 де М.Өзбеков атындағы мәдениет үйінде өткізіледі.
- Байқауға қатысу үшін өтініштер 2025 жылдың 30 сәуірге дейін мына мекен-жай бойынша қабылданады: Құлан ауылы, Жібек жолы №106, «Жастар ресурстық орталығы» КММ, немесе [jro\\_ryskulov@mail.ru](mailto:jro_ryskulov@mail.ru) электронды мекен жайында қабылданады (Өзгерістер қосымша хабарланады).

Анықтама және қосымша мәліметтер үшін:

Тел.: 8 707 547 49 26 Жадыра  
8 708 583 18 19 Нартай

## VI. Сұраныстарды қабылдау:

Ескерту: Ережеге сай белгіленген күннен кейін сұраныстар қабылданбайды.

### Аудандық «Жігіт сұлтаны» сайысына қатысушыларға арналған анкета

1. Аты-жөні: \_\_\_\_\_

2. Ауылдық округі \_\_\_\_\_

3. Өнер, білім, спорттағы жетістігің қандай?

---

---

---

---

---

---

4. Егеменді еліміздің әлемдегі барынша қабілетті елдердің қатарына кіруіне Қазақстанның азаматы ретінде қандай үлес қосар едің?

---

---

---

---

---

ЕСКЕРТУ: Жауапты үміткерлер өзі терең ойланып, айқын мақсатпен жазып толтырсын. Сайыс барысында жүргізуші қосымша мәлімет ретінде пайдаланып, сұрақ қоюы мүмкін.

